

Мүгедектерге мотокүймелер үшін ақшалай өтемақы төлеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 қараша 1993 ж. N 1195. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 маусымдағы N 703 қаулысымен. ~P020703

Мүгедектерге оңалтудың жеке бағдарламасында мотокүймелер беру көзделген, бірақ мемлекеттік органдар тарапынан берілмеген немесе мүгедек адам мотокүймені өз қаражаты есебінен сатып алған жағдайда оларға мотокүйменің құны үшін ақшалай өтемақы төлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мүгедектерге мотокүймелер үшін ақшалай өтемақы төлеудің қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін.
2. Жергілікті әкімдерге әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінген қаражат шегінде жергілікті бюджет қаржысы есебінен мүгедектерге мотокүйме үшін ақшалай өтемақы төленуін қамтамасыз ету ұсынылсын.
3. Осы қаулы 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 29 қарашадағы
N 1195 қаулысымен
Бекітілген

Мүгедектерге мотокүйме үшін жыл сайын
ақшалай өтемақы төлеудің
Тәртібі

Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мотокүймелермен жеңілдікті қамтамасыз етілуге құқы бар, бірақ оны мемлекеттік органдардан алмаған әскери қызметін атқарып жүрген кезінде мүгедектікке ұшыраған әскери

қызметшілер қатарындағы мүгедектерге, әрі жалпы аурудан, бала жасынан мүгедек болғандарға мотоқүйменің үстіміздегі жылдың 1 қаңтарында және 1 шілдесінде қалыптасқан бағасының 80 процентінің 1/5 бөлігі мөлшерінде жыл сайын ақшалай өтемақы төленсін.

Жеке бағдарламаға сәйкес мотоқүймелермен тегін қамтамасыз етілуге құқы бар еңбек жарақатынан және кәсіптік аурудан мүгедек болғандарға мотоқүйменің үстіміздегі жылдың 1 қаңтарында және 1 шілдесінде қалыптасқан бағасының 1/5 мөлшерінде жыл сайын ақшалай өтемақы төленсін.

Өтемақы тоқсан сайын төленеді. Алғашқы төленетін өтемақының мөлшері өтініш және медициналық-әлеуметтік сарап комиссиясының көлікпен қамтамасыз ету үшін медициналық айғақтамаларды белгілеу жөніндегі куәлендіру актісінің көшірмесі берілгеннен бастап жарты жылдықтың аяғына дейінгі толық айлар санына тепе-тең етіп белгіленеді.

Пайдалану мерзімі өтіп кеткен мотоқүймесі бар мүгедектерге өтемақы ескі мотоқүймені өткізгеннен кейін жанармайға жұмсалған шығын үшін бұрын берілген өтемақы ескеріле отырып төленеді.

Осы аталған шараларды жүргізуге байланысты шығындар облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінетін қаражат шегінде жұмсалсын.

Еңбек жарақаты және кәсіптік ауру салдарынан мүгедек болғандарға мотоқүйме үшін ақшалай өтемақы зақым келтіруші кәсіпорын есебінен төленеді.